



Автор: Абугалиева Жазира Сериккалиевна
Пән: Физика
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Жұмыс және қуат
Тақырып: Механикалық жұмыс.Қуат

механикалық жұмыс.қуат	Барлық оқушылар үшін: Механикалық жұмыстың, қуаттың анықтамасын, формуласын, өлшем бірліктерін біледі. Басым бөлігі: Жұмыс пен қуаттың физикалық мағынасын ажырата біледі. Кейбір оқушылар үшін: Қуат пен жұмыс ұғымдары арқылы құбылыстарды байланыстыра алады
------------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

механикалық жұмыс.қуат	Мектеп: Шұбарқұдық гимназиясы КММ Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: Жұмыс және қуат. Күні: 7.03.2019 Мұғалімнің аты-жөні: АбугалиеваЖазира Серікқалиқызы Сынып: 7 Қатысқандар: 25 Қатыспағандар: Сабақтақырыбы: Механикалық жұмыс. Қуат. Оқу мақсаты: 7.2.3.1 – механикалықжұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру. 7.2.3.7 – қуатұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.3.8 – механикалық жұмыспен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану. Сабақтыңмақсаты: Механикалық жұмыс пен қуаттың физикалық мағынасын білу,есептер шығару. Барлық оқушылар үшін: Механикалық жұмыстың, қуаттың анықтамасын, формуласын, өлшем бірліктерін біледі. Басым бөлігі: Жұмыс пен қуаттың физикалық мағынасын ажырата біледі. Кейбір оқушылар үшін: Қуат пен жұмыс ұғымдары арқылы құбылыстарды байланыстыра алады. Бағалау критерийі: Механикалық жұмыс пен қуаттың физикалық мағынасын білу, есептер шығару. - Жұмыс пен қуаттың өлшем бірлігі мен формуласын меңгереді; - Есеп шығаруда формуланы еркін қолданады. - Формуланы еркін жіктейді, ХБЖ айналдырады; - Өмірдегі қолданысына мысалдар келтіреді; - Жұмыс пен қуаттың айырмашылығын және маңыздылығын біледі. Дескрипторлар: 1. Механикалық жұмыстың анықтамасын, белгіленуін,формуласын, өлшем бірліктері біледі. 2. Қуаттың анықтамасын, белгіленуін, формуласын, өлшем бірліктері біледі. 3. Есептің шартын дұрыс келтіреді; 4. Күш орын ауыстырғанда механикалық жұмыстың орындалатынын біледі. 5. Өмірден мысалдар келтіреді. Тілдік мақсаттар: Тақырыптық терминдер бойынша сөздік: Қазақша Орысша Ағылшынша Жұмыс Работа job Қуат Мощность power Уақыт Время timeЖол Путь way Күш Сила force Құндылықтар: Қоғамдық ұлттық бірлік. Тілдің біртұтастығы. Пәнаралық байланыс: Математика, география. Алдыңғы білім: Денелердің жүзу шарттары. Сабақтың барысы: Сабақтың жоспарланған кезеңдері: Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Ресурстар Сабақтың басы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, түгендеу. Тақырыптық терминдер арқылы (жұмыс, қуат, уақыт, жол) парақтардың түсіне қарай таңдап, 4 топқа бөлінеді. Топ басшылары сайланады. II. Ынтымақтастықты қалыптастыру. Қане, қане тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ үлкен шеңберге, Алақанға ұрайық. (Оқушылар шаттық шеңбері арқылы бір-біріне жақсы тілектер тілейді) III.Білімін тексеру.(жеке жұмыс) Тапсырма №1 Сәйкестендіру тесті Қай уақытта $F_A = F_a$ дене сұйық ішінде жүзеді. Егер дененің тығыздығы сұйықтың тығыздығынан артық болса, дене сұйыққа батады Сұйық пен дененің тығыздықтары бірдей болғанда, дене сұйық бетіне көтеріледі. $F_A > F_a$ егер дене сұйыққа толық батып, оның ішінде жүзіп жүрсе Егер дененің тығыздығы сұйықтың тығыздығынан аз болса, дене жүзе бастағанға дейін сұйық бетіне көтеріледі. $F_A < F_a$ дене сұйыққа батып кетеді. ҚБ : Өзара тексеру, жұптар дұрыс жауаппен түзету жасайды. Түрлі карточкалар (A, N, S, t) Сәйкестендіру тесті Сабақтың ортасы: Топтық жұмыс «Джигсо» әдісі (15 минут) Сіздің тобыңызда 5 рөлді: лидер, баяндамашы, хатшы, уақыт сақшысы және бақылаушыларды анықтаңыз. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүреді: Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді. Бақылаушының бағалау парағы № Бағалау өлшемдері Көш басшы Хатшы Баяндамашы Уақыт сақшысы 1 Тақырыптың ашылуына үлес қосу 2 Міндетін атқару 3 Топтық жұмысқа атсалысуы ҚБ: Мадақтау, 3 рет қол шапалақтау арқылы бағалау. Таратпа карточкалар Сергіту сәті. Физминутка. Youtube материалы «Оқы,ойлан,бөліс» топтық жұмыс «Блум таксономиясы». Тапсырма №2. «Жұмыс пен қуат туралы » мәтінді оқи отыра кестені толтырыңыздар: Деңгей Тапсырма Білу Анықтамасы, белгіленуі Түсіну №1 шар қозғалмайды, №2 шар жылтыр шыны бетінде инерциясымен қозғалады, ал №3 шар F күшінің әрекетінен орын ауыстырады. Қай жағдайда механикалық жұмыс жасалады? Неге?№1 №2 Қолдану 1) Машина 72 км/сағ жылдамдықпен бірқалыпты қозғалып келеді. Егер оның моторының тарту күші 2000 Н болса, онда ол 10секундта қанша жұмыс атқарады? 2) Биіктігі 10 м сарқырамадан 2 минутта50 су құлап ағады. Су ағынының қуаты қандай? Талдау 100 км-ге жүгірген машина мен адамның қуатын салыстырыңдар. Жүргеннен кейінгі қуаты? Жүгіргенге дейінгі қуат? ҚБ: Тепе-теңдік шеңбері арқылы бағалау.«Джоуль-Ватт» шыңы Тапсырма №3. «Джоуль-Ватт» шыңы (Тау шыңдарынасұрақтар жасырылады, Оқушылар соны шешу арқылы «Джоуль-Ватт»шыңына шығады) ҚБ: «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау. Таратпакарточкалар, Тепе-теңдік шеңберінің макеті «Джоуль-Ватт» шыңыныңмакеті үлестірме қағаз Сабақтың соңы: Үйге тапсырма: Механикалықжұмыс пен қуатқа мысалдар келтіріп келу және «жұмыс» және «қуат»тақырыбына сөзжұмбақ құрастыру. Кені байланыс: Білемін Білгім келеліБіллім БББ кестесі.	
-------------------------------	--	--